

Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының бірінші орынбасары Асылв Берік Ноғайұлы



Асылв Берік 1964 жылы 28 ақпанда дүниеге келген.

Білімі жоғары заңгерлік, С. М. Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университетін «Құқықтану» мамандығы бойынша бітірген.

Еңбек жолын 1991 жылы Алматы қаласы Алатау ауданы прокуратурасының тағылымдамашы қызметінен бастаған.

1992-2001 жылдары - Алматы қаласы Алатау ауданы прокуратурасының аға тергеушісі, Бас прокуратура жанындағы аса маңызды істер жөніндегі аға тергеуші, тергеуші, Алматы әуе-көлік прокурорының орынбасары, Бас прокуратураның Мемлекеттік тергеу комитеті мен ұлттық қауіпсіздік органдарындағы, Қорғаныс министрлігінің әскери барлау және Президенттің күзет қызметіндегі жедел-іздістірудің заңдылығын қадағалау бойынша бөлім бастығы болып жұмыс істеген.

2001-2006 жылдар аралығында Оңтүстік Қазақстан облысы прокуратурасының басшылық лауазымдарында - Шымкент қаласының прокуроры, облыс прокурорының орынбасары, бірінші орынбасары қызметтерін атқарды.

2006-2008 жылдары - Батыс өңірлік көлік прокуроры.

2008-2010 жылдары - Ақтөбе облысының прокуроры.

2010-2011 жылдары - Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының орынбасары.

2011-2017 жылдары - Алматы қаласының прокуроры.

2017-2019 жылдары - Солтүстік Қазақстан облысының прокуроры.

Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының бірінші орынбасары Асылөв Берік Ноғай

Қазақстан Республикасының Бас Прокуратурасы сайтында жарияланған
(<http://blog.sko.prokuror.kz>)

2019 жылғы наурыздан бастап - Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының бірінші орынбасары.

2 сыныпты мемлекеттік әділет кеңесшісі сыныптық шені бар.

«Ерен еңбегі үшін» медалімен марапатталған (2005), «Даңқ» орденінің толық кавалері (II дәреже - 2011 ж., I дәреже - 2017 ж.). «Қазақстан Конституциясына 10 жыл», «Қазақстан Конституциясына 20 жыл», «Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігіне 20 жыл», «ТМД БПҮК 20 жыл», «Әділет органдары жүйесін дамытуға қосқан үлесі үшін», «Қазақстан Республикасының прокуратурасына 20 жыл», «Астанаға 20 жыл» мерейтойлық медальдарымен, сондай-ақ «Прокуратураның құрметті қызметкері» төсбелгісінің иегері.

Үйленген, бес бала тәрбиелеп отыр.

Қайнар: <http://blog.sko.prokuror.kz/kaz/o-prokurature/rukovodstvo/kazakstan-respublikasy-bas-prokurorynyn-birinshi-orynbasary-asylov-berik>